

**ТАРИХИ ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІННІҢ СЕМИОТИКАЛЫҚ
МАКРОҚҰРЫЛЫМЫ
(ХОРЕЗМИ «МҰХАББАТНАМЕСІНІҢ»
МАТЕРИАЛЫ БОЙЫНША)**

Б.М. Сүйерқұл

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы қ.

Мәтін лингвистикасында жазба мұраны зерттеудің екі тәсілін атауға болады: экзогендік тұрғыдан қарастыру және герменевтика тұрғысынан зерделеу. Бірінші тәсіл аясына жазба мұралардың толықтай сыртқы сипаттамасын жасау жатады, яғни мәтіннің авторы туралы, қашан және қайда жазылғаны, көлемі мен тақырыбы, идеясы мен оның қалайша шешімін тапқандығы т.б. ақпараттық, мәліметтік мәселелер жатады. Ал екінші тәсілде мәтіннің мәндік сипаттамасы жасалып, онда қатталған тарихи-мәдени ақпаратты ашудың түрлі жолдары пайдаланылады.

Біздің зерттеу нысанымызға алынған қыпшақ ақыны Хорезмидің «Мұхаббатнамесі» (XIV ғ.) тіл білімінде бірінші тәсіл бойынша жан-жақты қарастырылды дегуге болады. Атап айтқанда, Ә. Нәжіп, Б. Сағындықұлы, Ә. Керімов, А. Қыраубаева сынды көрнекті ғалымдардың зерттеулерінен бастау алған бұл үрдіс М. Сабыр, Г. Ұбайдуллаева, С. Тәшімбай сияқты жас зерттеушілердің еңбектерінде жалғасын тапты. Ал біз осы мұраны орта ғасырлардағы қыпшақы дүниетанымнан хабар беретін, сол кездегі тілдік ұжымның когнитивтік санасын айшықтайтын көркем дүние ретінде қарастырдық. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде шығарма құрылымының «Жаратушы» → «Билеуші» → «Ару қыз» деп атауға болатын үш бөліктен тұратыны анықталды. Енді осы тізбекті лингвокогнитивтік талдау әдісі бойынша негіздейік.

Ғалым Ф. Есім Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген нақылын былайша зерделейді: «Рас сөз» – ол Алланың сөзі. Сонымен СӨЗ – жаратушының сөзі және адамның сөзі болып анықталмақ. Алла сөзінің мәні – оның растығында, адам сөзінің мәні – оның өзгермелілігінде. Болмысқа сай сөздер, яғни ұғым, түсініктер өзгереді. Бұл тәртіп дәстүрге айналып, дүниеге (адамзатқа) рас сөздің өзгермелі күйін жеткізбек болып талай нәби, пайғамбарлар келді. Бірақ адамзат «рас сөздің» мәніне жетпей-ақ қойды... Жаратушының растығын мойындамасқа амал жоқ. Жаратушы бар, оның болмысынан бізді хабардар ететін «күдірет» деген сөз бар.

Бұл сөз, ұғым адамға қатысты айтылмаса керек. Күдіретті болу Жаратушыға лайық. Қандай болмасын қуатты жанның әрекетін күдірет

деп атай алмаймыз. Тарихта талай данышпан, ғұлама, хакімдер болды, ондайлар бүгін де бар, ертең де болады. Алайда оларды құдірет иесі едуге мүмкіндік жоқ. Өлшеулі ғұмыр, өлшеулі ақыл иесі – адам құдірет иесі бола алмайды... Ғұмыр философиясын меңгеріп, жеріне жеткізген адам тарихта болмаған. Ол болмайды да. Себебі, құдіреттілік – Жаратушының өз санасы, өз мүмкіншілігі. ...өлшеулі жерде құдіреттілік жоқ, ол өлшенбейді... адамның жаралуы, жер бетіндегі оның болмысы – Жаратушының біз сезіне алатын бірінші құдіреті. Мұны біз көбінесе «Алла өмірі» деп атаймыз. Алланың өмірі – оның құдіретінің адамдарға мәлім болған көрінісі. Алла өмірін адамдар жазу, тағдыр деген түсініктермен фаталистік мазмұнда қабылдайды. ... тағдыр дегеніміздің өзінде Алла құдіретінің бір көрінісі (бізше, заңдылығы) емес пе екен? Себебі тағдыр деген ұғымды теріске, жоққа шығару мүмкін емес. Тағдырды жеңу – одан тыс салтанат құру деген адам үміті емес, шайтан ниеті. Осы тұста Жаратушының құдіретінің екінші жағын аңғаруға болады. Ол Жаратушы өз құдіретімен адамға ерік берген. Құдай пендесіне ғұмыр бергенде, оның қол-аяғын байлап, тұсап адамның еркін, есін алмаған. Адамның еркіне де, есіне де еркіндік берген. Мен ойлаймын, Алланың адамға берген тағдырын осы еркіндікте ме деп? Себебі, еркін адам есінен айрылып, ессіздікке көп ұрынады. Тағдырды туғызатын – адамдардың осы ессіздігі.

Ессіз адам – Жаратушысын ұмытқан жан. Оның ақылы, ғылымы адамдар үшін емес, оларға қарсы бағытталған күшке айналады. Бұған адамзат баласының бүгінгі күйі айқын дәлел. Ғылым өз арнасынан шыққанда адамзаттың тағдырына айналады. Сондықтан да адамдар құдайы берген еркіндікті меңгере алатын жағдайда болуы шарт. Бұл Жаратушының құдіретін мойындайтын сананы талап етеді. Жаратылысында пенделік басым адамның Жаратушысының құдіретін сезінуі екіталай іс [1, 127-128 б.]. Белгілі философтың осы пайымдауы қазіргі қоғамымызда нық орын алып, мызғымастай күйге жеткен «жаралы сана» ұғымымен тығыз байланысты. Жамандық, әдепсіздік, тәртіпсіздік, бейауыздық атаулыға еті үйреніп кеткені соншалықты, балағат сөзді естісе де естімегендей қалыпта тұра беретін замандастырымыздың қазіргі халі кісі қызығарлықтай еместігі аян. Бұл мәселені жиі-жиі көтеріп, көптің назарын аударуға тырысып жүрген бірліктердің (жеке тұлғалар) жан айқайы өзiрге көптіктердің көңiлiн селт еткізе қоймады. Алайда ақиқат - біреу! Санаға сілкініс қажет. Яғни тіліміздегі «Я, құдіреті күшті құдайым», «құданың құдіреті (мен)...», т.б. оралымдардың мәнін терең түсіне отырып айтқанда ғана санаға қозғау түспек. Бұлар - тіліміздің тарихында ертеректен келе жатқан бірліктер.

Академик Р. Сыздықтың айтуынша, Ясауи «Хикметтерінің» тілінде «Алланың түркілік атаулары тәңір (рахман тәңрім), игә (қазақша ие) сөздері де кездеседі: Қаһһар игәм сендiн қорқұб ойғансам мән [6, 14 б.]. Бұлар көбінесе тіркес құрамында келеді, ал келесі нағыз сөйлеу тіліндегі тағы бір

түркілік атауы йараткән (қазақ тілінде жаратқан, жаратушы): йараткәнгә йалбармадың [7, 59 б.]. Бірақ Алланың түркілік атаулары арабын Алла, хақ, парсының худа сөздерімен салыстырғанда сиректеу кездеседі» екен [2, 83].

Ал «Мұхаббатнаме» мәтінінде Жаратушының ең бастапқы да негізгі, өзіне ғана тиесілі ұғымы – күдіреті оның «жарату» әрекетінен көрінеді. Шығармада «жарату» етістігі он сегіз рет жұмсалған, яғни онда Ұлық тәңірі жаратқан ғаламзат пен адамзаттың бір бөлігі ғана санамаланып беріледі [3]. Осы жәдігерліктегі «жарату» (йаратты/төратти) етістігін автордың концептуалдық әлеміндегі өзек ролін атқарған, концепт деңгейіне жеткен бірлік деп тануға негіз бар. Себебі, он сегіз мың ғаламды да, ондағы барша керемет пен ғажайыпты да Ұлық Тәңірі жаратты! Ақынның ғашығы - сол қадыр Алла жаратқан мың сан ғажайыптың бірі ғана!

Мәтінге назар аударайық: Йеги қат зар-нигар айвани вала, Йаратты алты күнда хақ-та 'ала (Жеті қабат алтындалған зәулім сарайды (ғаламды) Жаратты алты күнде Хақ тағала); Аның ким ал еңинда мең йаратты, Бойы бирла сачыны тең йаратты (Оның (Арудың) ал қызыл өңінде мең жаратты, Бойы мен шашын өлшеп тең жаратты); Қара топрақдин сүнбүл төратти, Тиканлар арасында гүл төратти (Қара топырақтан сүнбіл жаратты, Тікендер арасында гүл жаратты); Йир үзра кудрати дарйа йаратты, Садафтин лү'лү-ү лала йаратты (Жер бетінде күдіретімен дария жаратты, Қауашақта жарқыратып лала (інжу) гүлін жаратты); Йаратқан ким тән ичра жан йаратты, Сени көрклүклар үзра хан йаратты (Жаратқан ием, тән ішінде жан жаратты, Сәні көріктілердің патшасы етіп жаратты); Қуйаш йаңлығ йүзүнизни йарутты, Фалак тек бизни саргардан йаратты (Жүзінізді күн сияқты жарық етіп, Аспан тектес біздерді тамашалап таңырауға жаратты); Халайық қыбласы болды жамалин, Ошал күн ким сени йаздан йаратты (Халықтың құбыласы болды жамалың, Сол күні сәні тәңірі жаратты); Толун ай та'бийа сарв үзра қылды, Ай ичра ғунчайи хандан йаратты (Толған айды түп-түзу сәру (ағашының) үстінен қаратып, Ай бетінде гүл қауызын жаратты); Жамалинни жеханға жалва қылды, Мени ол сурата хайран йаратты (Жамалыңды жаһанға жарқыратты, Мені сол суретіне қайран етіп жаратты); Ешиттиң ерса Йүсүфниң жамалин, Сени хүсн ичра сад чандан йаратты (Есітіп пе едің Жүсіптің сұлулығын, Сәнің сұлулығыңды (одан) жүз есе артық жаратты); Карим таңри камалин қылса изхар, Сен айны бүйла би нуксан йаратты (Ұлық тәңірі кемеліне келген әдемілікті жария қылды, Сен айды осылайша нұқсансыз етіп жаратты); Зехи Қадыр ким ол бир қатра суны, Мұхаббат гавхаринга кан йаратты (Қандай ғажап! Қадір алла бір тамшы суды, Махаббат гәуһарына кен (етіп) жаратты); Азалда қылды Хоразмини мухтаж, Тағы манзурыны султан йаратты (Өзелден Хорезмиді мұқтаж қылып, Ессіне сүйіктісін сұлтан жаратты); Ошул күн ким сени халик йаратты, Сени дилбар, мени 'ашық йаратты (Сәні құдай адам етіп жаратқан күні, Сәні сүйікті, мені саған ғашық етіп жаратты); Йаратты ай бикин зеба сени хақ, Ким ош чехран

берүр 'аламға равнак, Мени қылды фалак тек бисар-о пай (Айдай сұлу етіп жаратты сені хақ, Жүзін барша әлемге арай береді, Мені жарық түскен аспан сияқты тандануға ғана жаратты...).

Н.Н. Болдырев «Объектом концептуального анализа являются смыслы, передаваемые отдельными словами, словосочетаниями, типовыми пропозициями и их реализациями в виде конкретных высказываний, а также отдельными текстами и даже целыми произведениями. Сопоставление всех доступных языковых средств репрезентации концепта в системе языка и в речи и позволяет выявить основное содержание концепта» деген болатын [4,123 б.]. Демек Хорезмидің туындысы тұтастай алғанда «Жаратушының адам баласына деген махаббаты және адамның өз Иесіне деген сүйіспеншілігі» деген бір ғана мәнді білдіруге арналған күрделі семиотикалық бірлік болып шығады.

Осымен байланысты, Хорезмидің «Мұхаббатнамесінің» құрылымын үлкен үш саладан тұратын лингвосемиотикалық жүйе түрінде тануға болады:

1) «Жаратушы» концепт атауының аясына Алланың күллі ұлық сипаттарын көрсететін көркем есімдері еңсе;


2) «Билеуші» концепт атауының аясына Алла жаратқан жер бетіндегі пенделердің ішіндегі таңдаулысы, яғни өзгелерге билік жүргізуге лайықтысы саналатын «патша немесе ханның» (заты - Ер адам!) батырлық, ерлік, даналық, күштілік сияқты ер-азаматқа тән көптеген қасиеттері мен әрекеттерін білдіретін атаулар мен етістіктер еңеді;

3) «Ару» концепт атауының аясына Алла жаратқан бүкіл адамзат баласының сұлуы да нәзігі – Ару қыз (заты - Әйел!) өзіне тән керемет әдемілігі, пандығы, тектілігі, ажарлылығы мен ақылдылығы сияқты қасиеттерін білдіретін тілдік бірліктерімен бірге еңеді.

Мәтінде бұл үшеуі бір деңгейде емес, пирамида пішінінде сатылай орналасады: Оның ұшар басында «Жаратушы» орналасса (Мұхаббат наменің бастапқы бөлігі), келесі аралық бөлікті «Билеуші» бейнесіндегі «Ер адамға» арналған жолдар құрайды, ал көркем мәтіннің үшінші сатысында автор «Дүниені найза-кылышсыз-ақ ұстап тұратын, күллі тіршілік иелерінің еркін еріксіз билеп алатын ерекше күш – сұлулық иесі Аруға» арнаған барлық ой-тілегі мен соған қатысты дерт-серттерін сыйғызған.

Осындағы соңғы екі макрокомпонентті - «Билеуші» және «Ару» - кең мағынасында алғандағы оппозициялық қатынастағы құрамдас бөліктер деп санауға болады. Яғни мұнда Алланың өзі сүйіп жаратқан Адам Ата мен Хауа Ананың ұрпақтары - «Ер // Әйел» - өзара байланыста және сонымен қатар қарама қарсылықта алынған. Осы байланыстар мен қарама-қарсы қатынастарды семиотикалық тұрғыдан төмендегі сызба (1-сурет) түрінде бейнелеуге болады.

1 - сурет - «Мұхаббатнаме» мәтінінің семиотикалық
макроқұрылымы



Бұл сызба арқылы таңбаланған мәнді былайша вербалдауға болады:

Он сегіз мың ғаламның иесі, теңдесі де, ұқсасы да жоқ ЖАРАТУШЫ Адам баласын үлкен МАХАББАТПЕН жаратты. ЕР Адамға серік етіп Әйел затын жаратты. Бұл екеуінің жүрегіне сүйіспеншілік сезімін құйып, өзара ынтық, бір біріне керек етіп жаратты. Бәрін байланыстырып тұрған ұлы күш – махаббат Құдірет иесі Жаратушыдан басталып, барша адамзат пен ғаламзатқа таралады... (суретте жоғарыдан төмен бағытталған, жуандау жебесызықтармен белгіленген). Дүниені ұстап тұрған ұлы күш мейірім, әділет, қанағат, адалдық, т.б. жақсылықтардың бәрінің түпбастауы – Махаббат. Осымен байланысты, Адам баласы да, өз кезегінде, Жаратушы иесіне асқан сүйіспеншілікпен (суретте төменнен жоғары бағытталған жебесызықтар) құлшылық етеді... Оны бір сәт те естен шығармауы тиіс. Діни таныммен байланысты когнитивтік санада мықтап орныққан осы түпнегіз міндетті түрде тілдік санада көрініс табады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Есім Ф. Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). Екінші кітап. - Алматы, «Ғылым», 1996. -203 б.
2. Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. - А.: «Сөздік-Словарь», 2004. -552 б.

3. Сағындықұлы Б., Тәшімбай С. «Мұхаббатнаме» (XIV ғ.) ескерткішінің мәтіні. Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2007. - 228 б.

4. Болдырев Н.Н. Когнитивная семантика: Курс лекций по английской филологии. – Тамбов: Изд-во Тамбовского университета, 2001. -123 с.

Резюме

В статье рассматривается семиотическая природа исторического художественного текста на материале поэмы о любви Хорезми, кипчакского поэта 14-века. Автором предложена модель макроструктуры «Мухаббат-наме», в которой отражена вся сущность поэтического произведения средневековья.

Resume

The article considers the semiotical nature of historical literary text in material of poem about Horesmi's love, a 14 century s kipchak writer. The autor offered a model of «Muhabbat-name» macrostructure; in which we can see all the advantages of mid-century poems.

ӘОЖ 882.151.212.2-141

НЕСІПБЕК АЙТҰЛЫНЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

Н.Ж. Тұралина

Павлодар қ.

Біз қашанда поэзияның адам жанының құпиясынан жаратылатынын біліп, сезінеміз. Аристотель айтқандай, басқа өнердің бәрі адамзат қолынан жасалса, поэзияның құдайдың құдіретінен жаратылатынын мойындаймыз. Жыр әлемі деген тылсымға тіл бітірген тумасынан талантты ақынның тұма тұма бұлақтың тұнық суындай туындыларына деген ықылас жылдан-жылға арта түсуде. Тілі шырайлы, ойы құнарлы, сезімі сергек, көркем образға бай, серпінді, еркін тынысты өлеңдері мен толғау дастандары арқылы XX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақтың өлең өнерін өрелі биікке көтерген Несіпбек Айтұлының жырларында ұрпақтар сабақтастығын, уақыт байланысын арқау еткен поэтикалық идея, туған дала және оның жыршысының бейнесі арқылы өрнектеледі. «Туған жерге», «Бақанас – біздің балалық», «Біздің ауыл», атты жырларында ақынның туған елі мен жері жырға арқау болған.

XX ғасыр басындағы қазақ лирикасындағы айрықша байқалған ерекшелік – адамдарға қатысты бейнелеулердің бәрін, табиғат құбылыстарына байланыстырып жырлау. Күн, ай, жұлдыздар, жел, су, толқын, жапырақ, тау,